

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қаңтардағы N 36 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 765 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 765 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлы Отан соғысына қатысушыларды, мүгедектерді және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушыларды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 31 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 51-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесінде:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) арнаулы комиссиялар - 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр кезеңінде кемінде 6 ай жұмыс істеген адамдардың жұмыс стажын белгілеу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімдерімен құрылатын комиссиялар " ;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "бабының 1), 2), 4) және 4-1) тармақшаларында" деген сөздер "бабында" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзац алынып тасталсын;

5-тармақтың бірінші абзацындағы "бабының 1), 2), 4) және 4-1) тармақшаларында" деген сөздер "бабында" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы ", 3), 7), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15) және 16)" тармақшалармен толықтырылсын:

"7) қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің

отбасылары үшін, атап айтқанда:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде алған жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, ауруы салдарынан қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары үшін - қаза тапқан адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен фактісі туралы әскери комиссариаттан алынған анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы к у ә л і г і) ;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары, қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) адамның балалары, асырауындағылар үшін - қаза тапқан адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен фактісі туралы әскери комиссариаттан алынған анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары үшін - қаза тапқан адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан фактісін растайтын ішкі істер органдарынан алынған анықтама немесе құжат;

ата-аналары үшін - қаза тапқан адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен фактісі туралы әскери комиссариаттан алынған анықтама және қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (балалардың туу туралы куәлігі);

қайтадан некеге отырмаған әйелі (күйеуі) үшін - қаза тапқан адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен фактісі туралы әскери комиссариаттан алынған анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік);

Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары үшін - қаза тапқан адамның өлімі туралы куәлік, Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қайтыс болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ, өлімі Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен

авариялардың әсер етуіне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары үшін - сәуле ауруы салдарынан қайтыс болған адамның немесе қайтыс болған мүгедектің, сондай-ақ өлімі Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың әсер етуіне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтың өлімі туралы куәлік, өлімнің радиациялық әсер ету салдарынан болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар үшін (5-қосымша) - белгіленген үлгідегі куәлік немесе марапаттау куәлігі немесе мұрағат анықтамасы немесе марапатталу фактісі туралы жазбасы бар еңбек кітапшасы;

9) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар үшін - еңбек кітапшасы немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттар, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтері бар әскери билет немесе а н ы қ т а м а ;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттарға:

жұмыс орны, сондай-ақ мұрағат мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттар;

бұйрықтардан, жеке шоттары мен жалақы төлеуге арналған ведомостан үзінді көшірмелер ;

коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе е с е п к а р т о ч к а л а р ы ;

қызметін бұрын қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс стажын анықтау жөніндегі, зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың шешімдері ;

с о т ш е ш і м д е р і ;

арнайы комиссиялардың шешімдері ;

1998 жылға дейін берілген жеңілдіктер алуға құқық туралы куәлік жатады;

10) 1988-1989 жылдарда Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысушылар, қоныс аудару күніне құрсақта болған балаларын қоса алғанда,

оқшаулау және қоныс аудару аймағынан (өз еркімен кеткен) Қазақстан Республикасына қоныс аударғандар қатарындағы адамдар үшін - Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысушының куәлігі немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысу фактісін растайтын құжат, балалардың туу туралы куәлігі ;

11) I, II және III топтағы мүгедектер, оның ішінде 16-дан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектік тобын белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасы;

12) 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектік тобын белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамасы;

13) "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен, I және II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған көп балалы аналар үшін - марапатталғанын немесе атақ алғанын растайтын құжаттар;

14) бірге тұратын төрт немесе одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар үшін (оның ішінде жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқитын балалары үшін - кәмелетке толғаннан кейін - олар оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін) - балалардың туу туралы куәліктері мен отбасының құрамы туралы анықтамалар, балалардың оқып жүрген фактісі туралы оқу орнының анықтамасы;

15) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдар үшін - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің мүгедектік тобын белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамалары, зейнеткерлік куәліктері, ақталған азаматтың куәліктері немесе прокуратура органдарынан немесе ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарынан алынған ақталғаны туралы анықтамалары немесе ақталғаны туралы соттың шешімі ;

16) Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар үшін - дербес зейнеткер куәлігі немесе Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындау туралы шешімінен үзінді көшірме.";

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"6-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген адамдарға жәрдемақы өтініш берген күннен бастап тағайындалады.

Жоғарыда көрсетілген адамдар жәрдемақы тағайындау үшін қажетті стажы

туралы толық емес мәліметтер ұсынған жағдайда, жәрдемақы төлеуді жүзеге асыратын ұйым бес күн мерзімде құжаттарды арнаулы комиссиялардың қарауына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жібереді.

Арнаулы комиссиялар ұсынылған материалдарды 4-тарауға сәйкес қарайды.";

11, 12, 13, 14, 15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жәрдемақы төлеуді жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті органдар арқылы жүзеге асырады.

12. Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органдар бекіткен шешімдердің негізінде жәрдемақы төлеуге қаражат қажеттілігі өтінімін жасайды және ағымдағы айдың 25-күні Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) ұсынады.

13. Министрлік республика бойынша жиынтық өтінімді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Министрлікке жәрдемақы төлеуге қаражат бөледі.

Министрлік ағымдағы қаржы жылына арналған шарттың негізінде бұл қаражатты жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органның шотына аударады. Қаражатты аудару Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген, төлемдердің бекітілген күн сайынғы кестесіне сәйкес жүргізіледі.

14. Бөлінген қаражат бойынша Министрлік пен жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган арасында ай сайын салыстыру актісі жасалады.

15. Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган облыстар, Астана және Алматы қалалары бөлінісінде жәрдемақы төлеу жөніндегі кестені жасайды.

Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган алынған қаражатты үш банктік күн ішінде төлем тапсырмаларымен қызмет көрсетуге шарт жасалған жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен аударады.

16. Жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті орган арасында төленген сомалар бойынша салыстыру актілері жасалады.

Жәрдемақы беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті орган мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті орган арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған шарт негізінде жүргізіледі.

Жәрдемақы алуға құқығы бар адам қайтыс болғаннан кейін жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті орган алған, қайтыс болған адамның шотына аударылмаған жәрдемақы сомасы оның аудандық (қалалық) бөлімшесінің хаты (өкімі) негізінде жәрдемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органға қайтарылады.";

17-тармақ алынып тасталсын;

4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

" 4. Арнаулы комиссиялар

18. Бар жұмыс стажы туралы құжаттар болмаған немесе толық ұсынылмаған кезде, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғандағы жұмыс стажын арнаулы комиссиялар белгілей алады.

19. Арнаулы комиссиялар:

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғандағы еңбек стажын растау үшін ұсынылған құжаттардың мазмұны мен тиісінше ресімделуін құқықтық бағалауды;

жұмыс стажын куәгерлер айғақтамалары бойынша белгіледі (куәгерлерге сұрақтар қоюды);

өтініш берушінің жұмыс стажын белгілеу үшін қажетті құжаттарды сұратуды;

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алған кезеңдегі жұмыс стажын белгілеу (немесе белгілеуден бас тарту) туралы шешімдер шығаруды;

жұмыс стажын белгілеу туралы құжаттарды қараудың барысы туралы өтініш берушілерге жазбаша хабарлауды жүзеге асырады.

20. Арнаулы комиссия жергілікті өкілді органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, Ардагерлер кеңестерінің, қоғамдық бірлестіктердің, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар уәкілетті органдарының, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерінен, әскери комиссариаттар қызметкерлерінен тұрады.

21. Жәрдемақы төлеуді жүзеге асыратын ұйымнан қарауға келіп түскен құжаттар 8-қосымшаға сәйкес журналда тіркеледі.

22. Комиссия келіп түскен құжаттарды он күн ішінде қарайды және жетіспейтін құжаттарды тиісті ұйымдардан (кәсіпорындардан) сұрату немесе куәгерлерге сұрақ қою туралы шешім қабылдайды.

23. Өтініш иесімен 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда бірге жұмыс істеу фактісін растай алатын куәгерлер болса, 9-қосымшаға сәйкес куәгерлерге сұрақ қою хаттамасы жасалады.

24. Қажетті құжаттарды жинау, куәгерлерге сұрақ қою қорытындылары бойынша комиссия еңбек стажын белгілеу туралы 10-қосымшаға сәйкес шешім шығарады. Қабылданған шешімді үш күн мерзімде жәрдемақы төлеуді, жүзеге асыратын ұйымға жібереді";

5-тарау алынып тасталсын;

Ережеге 1-қосымшадағы "Аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы" деген сөздер алынып тасталсын;

Ережеге 6-қосымша алынып тасталсын;
осы қаулыға қосымшаларға сәйкес 7, 8, 9, 10-қосымшалармен
толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындаудың және төлеудің

ережесіне 7-қосымша

Арнаулы комиссияның қаулына

жіберілетін құжаттардың тізімі:

P/c N	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Тұратын жері	Іс-қағаздағы парақтар саны

М . О .

Т а п с ы р ғ а н :

ЗТМО _____ аудандық (қалалық) бөлімшесінің бастығы

Күні

Қ а б ы л д а ғ а н :

Комиссия хатшысы:

Күні

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындаудың және төлеудің

ережесіне 8-қосымша

Тіркеу журналы

P/c N	Құжат-тардың түскен күні	Өтініш беру-шінің Т.А.Ә.	Мекен-жайы, теле-фоны	Түскен құжат-тардың саны	Құжат-тардың қаулы жөнін-дегі комиссия жасаған іс-әрекеттер	Комис-сия шешімі	Құжаттар-ды қаулы мерзімін ұзарту, себептері

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындаудың және төлеудің

ережесіне 9-қосымша

Куәгерлерге сұрақ қою хаттамасы

N _____

Күні _____

_____ арнаулы комиссиясы
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органының

1. Өтініш берушінің хабары _____
(Т.А.Ә., мекен-жайы, туған күні, жеке куәлігінің нөмірі)
Мен, өтініш беруші, куәгерлерге сұрақ қоюыңызды өтінемін:

(Куәгерлердің Т.А.Ә., тұрғылықты мекен-жайы)
_____ хабарлаймын.

2. Куәгерге сұрақ қою: _____
(Т.А.Ә., мекен-жайы, туған күні, жеке
куәлігінің нөмірі)
Өтініш берушімен бірлескен жұмысын растау үшін ұсынылған құжаттар

_____ М е н , _____ к у ә г е р ,

_____ көрсетемін.

Өтініш берушінің қолы
Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері

3. Куәгерге сұрақ қою: _____
(Т.А.Ә., мекен-жайы, туған күні, жеке
куәлігінің нөмірі)

Өтініш берушімен бірлескен жұмысын растау үшін ұсынылған құжаттар

_____ М е н , _____ к у ә г е р ,

_____ көрсетемін.

Өтініш берушінің қолы
Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері

Мөрдiң орны

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы
тағайындаудың және төлеудің

ережесіне 10-қосымша

күні _____, N _____ хаттамаға
(жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар органының) шешімі

Шешім:

Азамат _____

1. _____ (күні) бастап _____ (күні) дейін
стаж белгіленді деп есептелсін

_____ жыл есепке алынсын

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы

Комиссия мүшелері

Мөрдiң орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК